

Осы Келісімнің мақсаты - Тараптар арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықтың принциптерін, ережелерін және тәртібін белгілеу.

Тараптар ішкі заңдары мен халықаралық міндеттемелердің шеңберінде коммерциялық және экономикалық ынтымақтастықтың әр түрлі нысандарындағы екі жақты сауда-саттықты көтермелеуге және тәртіпке салып дамытуға міндеттенеді.

2-бап

БАРЫНША ҚОЛАЙЛЫ ЖАҒДАЙ ЖАСАУ РЕЖИМІ

1. Т а р а п т а р :

а) бажды және алымдарды өндіріп алудың әдістерін қоса алғанда, импортқа немесе экспортқа байланысты салынатын кедендік баждар мен алымдардың кез келген түріне;

б) кедендік тазалауға, транзитке, қоймада сақтау мен қайта тиеуге қатыстыларды қоса алғанда, импорт пен экспортқа байланысты ережелер мен формальдылықтарға;

в) импортталатын тауарларға тікелей немесе жанама түрде қолданылатын салықтар мен басқа да ішкі алымдардың кез келген түріне;

г) ішкі рынокта импортталатын тауарларды сатуға, сатып алуға, тасымалдауға, бөлуге, сақтауға және пайдалануға;

д) тауарлармен сауда жасау кезіндегі төлемдерге қатысты барлық мәселелер бойынша бір-біріне барынша қолайлы жағдай жасау режимін туғызатын болады.

2. 1-тармақтың ережелері, әрбір Тарап:

а) шекаралас сауданы жүзеге асыру кезінде көршілес елдерге берген немесе беруі мүмкін артықшылықтарға;

б) Тараптар мүшелері болып табылатын немесе болашақта болуы мүмкін 1994 жылғы ГАТТ-тың XXIV Бабында белгіленгені сияқты кедендік одақтарға, еркін экономикалық аймаққа немесе аймақтық экономикалық ұйымдарға қатысу мақсатында;

в) елдердің ГАТТ/ДСҰ-ға сәйкес дамуы үшін қолданылмайды.

3-бап

КЕМСІТПЕУ

1. Тараптар осы Келісімнің күші жүретін тауарлардың импорты мен экспортына қатысты ұқсас жағдайларда үшінші елдердің ұқсас тауарларына қолданылмайтын лицензияларды қоса алғанда, қандай да бір арнайы шектеуді және талаптарды енгізбейтін болады.

2. Әрбір Тарап екінші Тараптың аумағында шығатын немесе соңғысының аумағына экспортталатын өнімдерге қатысты, атап айтқанда, тауарлар мен қызмет көрсету импортының төлемі үшін қажетті валютаны сатып алу мен орналастыруға қатысты сандық шектеулерде, лицензиялар беруде және валюталық реттеуде кемсітпеу саясатын жүргізетін болады.

4-бап

ТРАНЗИТ

1. Тараптар шек қойылмайтын транзиттік принцип осы Келісім мақсаттарына қол жеткізудің ажырамас шарты болып табылады деп келісті.

2. Осыған байланысты әрбір Тарап 1994 жылғы ГАТТ-тың V бабына сәйкес кедендік аумақтан шығатын немесе екінші Тараптың кедендік аумағына арналған тауарлардың өз аумағы арқылы еркін транзиттік өтуін қамтамасыз етуге тиіс.

5-бап

ҰЛТТЫҚ РЕЖИМ

Тараптардың бірінің аумағында жасалып, екінші Тараптың аумағына импортталатын тауарларға 1994 жылғы ГАТТ-тың III бабына сәйкес ішкі сатуға, сату ұсыныстарына, сатып алуға, тасымалдауға, бөлуге немесе пайдалануға жататын ішкі салықтарға немесе басқа да ішкі алымдарға, ұлттық заңдарға, реттеуге және талаптарға қатысты осындай тауарларға берілетін қолайлы жағдайдан кем емес режим берілуге тиіс.

6-бап

ЫРЫҚТАНДЫРУ

Әрбір Тарап екінші Тараптың өнімдер импортын ырықтандырудың жоғары деңгейіне ұмтылатын болады.

Әрбір Тарап екінші Тараптың өнімдер импортын ырықтандырудың мүмкін-қадарынша жоғары деңгейін беруге тиіс. Ырықтандыру процесі Тараптар арасындағы сауданы дамытудың, нарықтық жағдайлардың, Қазақстан мен Израильдегі сауда ережелерінің өзгеруі, сондай-ақ осы Келісімді жүзеге асыру барысында қол жеткен прогресс негізінде есептелінуге тиіс.

7-бап

ЖАСАЛҒАН ЕЛІ

Тауардың жасалған елі Тараптардың ұлттық заңдарына сәйкес және екі Тарапта қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес белгіленетін болады.

8-бап

ТӨЛЕМДЕР

1. Екі ел арасындағы тауарлармен сауда жасау және қызметтер көрсету кездегі төлемдер, егер сауда субъектілерінің өзгеше уағдаластығы болмаса, еркін айналыстағы валютамен жүргізіледі.

2. Жеке мәмілелерге қатысатын екі елдің субъектілеріне еркін айналыстағы валютаға рұқсат беру мен оны аударуға қатысты басқа Үшінші елдерге берілетіннен кем емес қолайлы режим беріледі.

9-бап

ДЕМПИНГКЕ ҚАРСЫ ЖӘНЕ ӨТЕМАҚЫҒА ҚАТЫСТЫ ШАРАЛАР

Осы Келісімдегі ешнәрсе де 1994 жылғы ГАТТ-тың VI бабына, ГАТТ-тың VI бабын қолдану туралы келісімге және Жәрдемақы мен өтемақы шаралары туралы келісімге қайшы келетін демпингке қарсы және өтемақыға қатысты шараларды қолдануға рұқсат бермейді.

10-бап

БИЗНЕСКЕ АРНАЛҒАН БАСҚА ДА ШАРТТАР

1. Тараптардың экономикалық субъектілері арасындағы тауар айналымы нарықтық бағаларға сәйкес жүргізілуге тиіс және Тараптар жеке мәмілелердің бағаларына араласпауға тиіс. Атап айтқанда, импорт немесе экспорт кезінде мемлекеттік агенттіктер мен мемлекеттік кәсіпорындар бағаға, сапасына және санына қатысты коммерциялық мақсатқа сәйкестілігіне орай бірыңғай бағдар ұстанатын болады.

Тараптардың бірінің кәсіпорны екінші Тараптың кәсіпорнын тікелей немесе жанама түрде басқаруға, бақылауға немесе оның капиталына қатысқан жағдайда немесе белгілі бір адамдар екі Тараптың кәсіпорнын да тікелей немесе жанама түрде басқаруға, бақылауға немесе олардың капиталына қатысқан жағдайда олардың арасындағы коммерциялық қатынастардың шарттары екі тәуелсіз кәсіпорын арасындағы сияқты белгіленуге тиіс.

2. Әрбір Тарап өзінің іскерлік практикасының дәстүрлеріне сәйкес екінші Тараптың кәсіпорындарына кемсітпеу режимін және мәмілелер мен қоғамдық тендерлерге қатысу бәсекесі үшін барабар мүмкіндік жасайды.

3. Тараптардың бірде бірі жеке мәмілелердің Тараптарына баспа-бас немесе саудаға жатпайтын мәмілелерді таңбайтын болады және мұндай әрекетті көтермелемейтін болады. Қоғамдық қамтамасыз етудегі баспа-бас немесе саудаға жатпайтын мәмілелер жағдайында әрбір Тарап екінші Тараптың өнім берушілеріне барынша қолайлы режим мен рұқсат алудың әділетті мүмкіндіктерін беруге тиіс.

11-бап

ЭКСПОРТТЫҚ ЖӘНЕ ИМПОРТТЫҚ БАЖДАРДАН АРНАЙЫ БОСАТУ

Ұлттық заңдарға сәйкес Тараптар белгілі бір тауарлардан балама тиімділігі бар баждар мен төлемдерден тыс кеден баждарын өндіріп алмастан, уақытша импорттауға немесе экспорттауға рұқсат береді. Атап айтқанда, экспонаттар мен коммерциялық емес маңызы бар жарнама материалдары және уақытша негізде импортталатын көрмелер мен жәрмеңкелердің басқа да тауарлары, әсіресе халықаралық конвенцияларға сәйкес қайтарым негізінде халықаралық саудада пайдаланылатын контейнерлер мен орамалар осындай тауарлар болып табылады.

12-бап

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ

1. Тараптар екі жақты сауда ынтымақтастықты, әсіресе сауда жөніндегі заңдар мен процедураларға қатысты ақпаратты, сондай-ақ статистикалық ақпаратты жақсарту мақсатында ақпараттар беруге жәрдемдеседі.

2. Т а р а п т а р :

- көрмені, жәрмеңкені, конференцияны, жарнаманы, консалтингтік және басқа да бизнестік қызмет көрсетулерді ұйымдастыру мен өткізуді;

- екі Тараптың шаруашылық жүргізуші субъектілері, өндірушілер одақтары, сауда өнеркәсіптік палаталары және басқа да одақтары арасында байланыстарды дамытуды;

- бірлескен экономикалық және өнеркәсіптік, әсіресе ауыл шаруашылығы мен агроөнеркәсіптік салаларда, сондай-ақ телекоммуникация, денсаулық сақтау, медициналық жабдықтар, білім беру және қауіпсіздік секторларындағы ынтымақтастықты дамытуды қоса алғанда, өзара сауданы жақсарту мақсатында шаралар қабылдау арқылы сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуға келіседі.

13-бап

ТӨТЕНШЕ ІС-ҚИМЫЛДАР

1. Тараптар 1994 жылғы ГАТТ-тың "Жекелеген тауарлардың импортына қатысты төтенше шаралар" атты XIX бабын басшылыққа алуға келіседі.

2. Тараптар проблеманың қажетті шешімін табу мақсатында отандық ұқсас тауарларды өндірушілерге зиян келтіретін немесе зиян келтіретіндей қауіп төндіретін, екінші Тараптың аумағында жасалатын тауарлардың импорты туралы екінші Тараптың өтініші бойынша шұғыл хабар береді.

3. Егер Тараптар консультация барысында ақылға қонымды уақыт кезеңі ішінде

уағдаластыққа қол жеткізбесе, онда алдын ала ескерту немесе зиянның орнын толтыру әдісімен импорттаушы Тарап зиянды жою үшін қажетті деңгейде және уақытқа ш а р а л а р қ о л д а н а а л а д ы .

4. Зиянды болдырмау және орнын толтыру үшін қажетті төтенше іс-қимылдар талап етілетін жағдайларда импорттаушы Тарап осындай шаралар қабылданғаннан кейін кідіріссіз консультация өткізуді ұсыну шартымен алдын ала ескертпестен тиісті ш а р а л а р қ о л д а н а а л а д ы .

5. Осы бапқа сәйкес шаралар таңдауда Тараптар осы Келісімнің қолданысын барынша аз бұзуға әкеліп соғатын шараларды қолдануға ұмтылады.

14-бап

КОНСУЛЬТАЦИЯ

Тараптар осы Келісімді түсіндіру мен қолдану кезінде туындайтын барлық даулы мәселелерді келіссөздер жолымен шешуге ұмтылатын болады.

15-бап

КОММЕРЦИЯЛЫҚ ӨКІЛДІК

Тараптар өз аумағында басқа елдердің коммерциялық өкілдіктерін ашуға қолданылып жүрген заңдарға сәйкес рұқсат береді.

16-бап

ЖАЛПЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

1. Осы Келісімдегі ештеңе де Тараптардың ұлттық мүдделерді, қоғамдық адамгершілік пен қоғамдық тәртіпті, адамдардың өмірі мен денсаулығын, хайуанаттар мен өсімдіктерді қорғауды, мәдени, тарихи және археологиялық маңызы бар ұлттық байлықты қорғауды және 1994 жылғы ГАТТ-тың XX бабына қатысты басқа да кез келген шараларды көздейтін шаралар қолдануына кедергі болмайды. Мұндай шаралар өз бетінше және әділетсіз кемсіту немесе Тараптар арасындағы сауданы жасырын шектеу н ы с а н ы н д а б о л м а у ғ а т и і с .

2. Осы Келісім әрбір Тараптың 1994 жылғы ГАТТ-тың XXI бабындағы себептер бойынша ақталатын іс-қимылдар қолдану құқықтарын шектемейді.

17-бап

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК

1. Сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту үшін интеллектуалдық меншіктің маңыздылығын назарға ала отырып, атап айтқанда, авторлық және аралас

құқықтарды, сауда белгілерін, географиялық индикаторларды, патенттерді, сондай-ақ жаңалық ашу, өнеркәсіптік әзірleme, жабық ақпарат және ноу-хау саласында кемсітпеу саясатын жеткілікті және тиімді қорғауды қоса алғанда, интеллектуалдық меншік құқықтарын толық және тиімді қорғауға Тараптардың ішкі заңдары кепілдік береді.

2. Тараптар, атап айтқанда, ДСҰ-ның интеллектуалдық меншік аспектілеріне жататын сауда-саттық жөніндегі құқықтары бойынша 1994 жылғы 15 сәуірдегі келісімнің ережелерін орындау жөнінде шаралар қолданатын болады.

3. Тараптар одан әрі интеллектуалдық меншік құқықтарын қорғау саласындағы халықаралық конвенцияларға қосылуға ұмтылатын болады.

18-бап

СТАНДАРТТАР

1. Әрбір Тарап екінші Тараптың өтініші бойынша стандарттар саласына байланысты шаралар жөнінде ақпарат береді.

2. Тараптар стандарттардың сапасын қоса алғанда, сауда-саттықтағы кедергілерді қысқарту мақсатында стандарттар саласында ынтымақтасатын болады.

19-бап

БІРЛЕСКЕН КОМИТЕТ

1. Осы Келісімнің ережелерін орындау үшін Тараптар сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі Бірлескен комитет құруға уағдаласты. Комитет Тараптардың бірінің тілегі негізінде екі мемлекеттің астаналарында алма-кезек мәжіліс өткізетін болады. Мұндай кездесулердің уақытысын екі Тарап бірлесіп шешеді.

2 . К о м и т е т :

а) осы Келісімді қолдануды және оның ережелерінің орындалуына жәрдемдесетін шараларды з е р т т е й д і ;

б) елдер арасындағы сауда-экономикалық қатынастарды дамытуды және кеңейтуді з е р т т е й д і ;

в) өзара тиімді негізде өнеркәсіптік және инвестициялық ынтымақтастық пен осындай ынтымақтастық үшін жаңа салаларды белгілеуді қоса алғанда, сауда-экономикалық қатынастарды ұлғайту және саралау мүмкіндіктерін зерттейді;

г) екі ел арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту барысында туындайтын проблемаларды талқылайды;

д) ынтымақтастықты одан әрі дамытуда осы Келісімге түзетулер енгізу үшін Тараптардың талаптарына бағынады.

3. Комитет өзара келісім негізінде жоғарыда аталған проблемаларға қатысты Тараптарға ұсыныстар жасайды.

20-бап

КҮШНЕ ЕНУІ

Келісім осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекеттік ішкі рәсімдердің аяқталғандығы туралы Тараптардың бірі екіншісіне дипломатиялық арналар бойынша хабарлап, соңғы нота жіберілген күннен кейінгі келесі айдың бірінші күні күшіне енеді.

Осы Келісім Тараптардың бірі екінші Тарапты Келісімнің күшін тоқтату ниеті туралы дипломатиялық арналар бойынша жазбаша түрде хабарлағанға дейін күшінде болады. Мұндай жағдайда әлгіндей ниеті туралы хабарлаған нота алынған күннен бастап 6 ай өткеннен кейін Келісім өзінің күшін жояды.

Осы Келісімнің күші тоқтатылған жағдайда, оның ережелері осы Келісімге сәйкес жасалған барлық келісім-шарттардағы Келісім күшінің мерзімі тоқтатылған сәтке қарай орындалмаған және оның қолданыстағы кезеңінде туындаған міндеттемелерге қолданылатын болады.

Алматыда 1998 жылғы 29 маусымда, мұның өзі 5758 жылғы 4 тамуз сәйкес келеді, екі түпнұсқа дана болып, әрқайсысы қазақ, иврит, ағылшын және орыс тілдерінде жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде пікір алшақтығы туындаған жағдайда, ағылшын тіліндегі мәтінге басымдылық беріледі.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Израиль Мемлекетінің

Үкіметі үшін